

3. Интерактивтілік пен визуалдылықтың артуы. Сандық ресурстардың тағы бір артықшылығы – оқу процесінің интерактивті сипат алуы. Бейнематериалдар, анимациялар, 3D модельдер, виртуалды тәжірибелер күрделі тақырыптарды жеңіл түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, физика немесе химия пәндерінде тәжірибелерді онлайн-режимде модельдеу оқушыларға қауіпсіз әрі қызықты ортада жаңа білім алуға жағдай жасайды. Визуалды құралдар оқушылардың есте сақтау қабілетін күшейтіп, материалды ұзақ уақыт бойы меңгеруге көмектеседі [9].

4. Оқу уақыты мен орнын икемді таңдау. Сандық оқытуда оқушылар сабаққа қатысуды өздеріне қолайлы уақытта ұйымдастыра алады. Бұл әсіресе жұмыс істейтін студенттерге немесе қосымша білім алушыларға ыңғайлы. Мобильді қосымшалар мен онлайн-платформалар білімді тек сыныпта ғана емес, үйде, кітапханада немесе кез келген жерде меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл білім алуға уақыт пен кеңістік шектеулерін жояды [10].

Сандық оқыту құралдарының қолдану барысында кездесетін қиындықтарды да атауды жөн көрдік:

1. Интернет пен техникаға тең қолжетімділіктің болмауы. Барлық оқушылардың интернетке немесе заманауи компьютерлік құрылғыларға бірдей қолжетімділігі жоқ. Әсіресе ауылдық аймақтарда бұл мәселе өзекті болып табылады. Интернет жылдамдығының төмендігі немесе техникалық жабдықтардың жетіспеушілігі оқушылардың сандық білім алуға толыққанды қатысуына кедергі келтіреді.

2. Мұғалімдердің ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігінің жеткіліксіздігі. Кейбір педагогтар цифрлық платформалар мен бағдарламаларды толық меңгермегендіктен, сандық құралдарды тиімді пайдалана алмайды. Олардың жаңа технологияларды қолданудағы дағдыларының жеткіліксіздігі оқу сапасына әсер етеді. Сондықтан мұғалімдерге үнемі біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, цифрлық педагогикалық құзыреттілігін дамыту қажет.

3. Артық ақпараттық жүктеме қаупі. Интернетте қолжетімді ақпараттың шамадан тыс көп болуы оқушыларды шатастырып, қажетсіз мәліметтерге уақыт жұмсауға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, сандық құрылғыларды ұзақ уақыт пайдалану оқушылардың денсаулығына, әсіресе көру қабілетіне және психологиялық жағдайына кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан сандық оқытуда ақпаратты дұрыс іріктеу және оқушылардың экран алдында өткізетін уақытын реттеу маңызды.

Сондықтан сандық құралдарды дәстүрлі әдістермен ұштастыра отырып қолдану тиімді.

Қорытындылай келе, оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін сандық оқыту құралдары мен әдістерін қолдану қазіргі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналды. Оларды тиімді қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймай, олардың дербес және сыни ойлау дағдыларын қалыптастырады. Болашақта цифрлық технологиялар мен дәстүрлі оқытудың үйлесімі білім беруді жаңа деңгейге көтерері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Битэм Э., Шарп Р. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
2. Қараев Ж.А. Білім беруді цифрландырудың теориялық негіздері. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2020.
4. Siemens G. Connectivism: A Learning Theory for the Digital Age. – International Journal of Instructional Technology, 2019.
5. Полат Е.С. Педагогические технологии дистанционного обучения // М.: Академия, 2003. -163 с.
6. Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании. - М., 2010. - 140 с.
7. Извозчиков В. А., Маркова И. В. Школьники изучают ЭВМ// Физика в школе.- 2018.- №4.- с.28-38.
8. Стариченко Б.Е., Никулина Т.В. Информатизация и цифровизация образования: понятия, технологии, управление // Педагогическое образование в России. – 2018. – № 8. – С. 107-113
9. Разумовская И.В. Компьютер на уроках физики// Физика в школе.-2005.- №3.- с.51-56.
10. Тавадян А.М., Зима В.А., Хусаинова Н.Б. Теоретические основы подготовки студентов к педагогической деятельности в условиях цифровизации образования // KANT, 2019. – №3 (32). – С. 137.

ӘОЖ 159.008.9.436

АУТИЗМІ БАР БАЛАЛАР ДА СЕЗІНЕДІ: СТЕРЕОТИПТЕР ШЕГІНЕН ТЫС ЭМОЦИЯЛЫҚ ӘЛЕМ

Вороновская К.А., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Рахимбекова Ж.Ш., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Қазіргі таңда инклюзивті білім беру мен психология ғылымының дамуымен бірге аутизм спектрінің бұзылыстары бар балаларға деген көзқарас та өзгеріп келеді. Әдетте қоғамда мұндай балаларды тұйық, эмоциясыз немесе өз сезімін жеткізе алмайтын тұлғалар ретінде қабылдау үрдісі бар. Алайда соңғы ғылыми зерттеулер бұл көзқарастың қате екенін дәлелдейді. Аутизмді бар балалардың да эмоциялық әлемі бай, олар қуаныш, мұң, уайым, сүйіспеншілік, тіпті эмпатия сезімдерін білдіре алады. Тақырыптың өзектілігі - қоғамдағы қасаң стереотиптерді бұзып, ерекше балалардың ішкі сезімдік өмірін тану арқылы ата-аналар мен педагогтардың оларды дұрыс түсініп, қолдауына ықпал ету болып табылады.

Аутизм... Бір қарасан, осы бір алты әріптен ғана құралған сөз қазіргі таңда - 21 ғасыр індеті болып табылады. Autism Speaks халықаралық ұйымның мәліметі бойынша 2023 жылы әлемде әрбір 100 балаға аутизм диагнозы қойылған болса, 2025 жылы әрбір 30 балаға аутизм диагнозы қойылып отыр [1]. Аутизм спектрінің бұзылыстары

бар балалар санының өсуі - Қазақстанда да басты мәселе қатарында. Соңғы статистикалық деректерге сүйенетін болсақ қазіргі таңда еліміздегі аутизм спектрінің бұзылысы бар балалар саны 13 мыңға жуық, 2021 жылғы деректермен салыстырғанда балалар саны 3 есе өсіп отыр [2].

«Аутизм» грек тілінен аударғанда «өзім» «өзімді» «өзі» деген мағынаны білдіреді. Тарихқа жүгінетін болсақ «аутизм» терминін алғаш рет 1908 жылы Швейцариялық психиатр Е.Блуер қолданған болатын. Ол аутизм терминін шизофренияға шалдыққан науқастарды сипаттау үшін қолданған [3]. 1925 жылы Совет Одағының психиатры Г.Сухарева өзінің «Балалар жасындағы шизоидты шизофрения» атты кітабында ерекше психопатиялық мінез құлықты сипаттады. Сухареваның жазбалары бойынша бұндай мінез құлық шизофренияға шалдыққан адамдарға тән емес. Ол өзінің жазбаларында жоғары интеллектуалдық ерекшеліктер мен әлеуметтік қарым-қатынастың төмендеуі жайында жазған болатын, яғни бұндай ерекшеліктер аутизмге тән [4]. Ал, 1943 жылы американдық психиатр Лео Каннер 11 балаға қатысты зерттеулерді қоғамға ұсынды. Зерттеу жұмыстары бойынша 3 ұл бала және 8 қыз бала жоғары интеллектіні көрсете отырып, жалғыздыққа ұмтылған. Каннер аутизмнің клиникалық белгілерін сипаттап, оны жеке синдром ретінде қарастырды, бірақ Фрейд теорияларының ықпалы салдарынан аутизмнің қалыптасуының басты себебі «суық» аналардың ықпалынан деген тұжырымдама жасады [5]. Ал 1944 жылы австриялық дәрігер Ганс Аспергер балалардың әлеуметтік қарым-қатынасындағы ерекшеліктерін зерттеп, ғылымға «Аспергер синдромы» ұғымын енгізді. Бүгінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы аутизмді «аутизм спектрінің бұзылыстары» (АСБ) деп біртұтас категория ретінде қарастырады [6].

Жоғарыдағы зерттеулер салдарынан көптеген адамдар аутизмді тек әлеуметтік қарым-қатынастағы қиындықтармен байланыстырады. Шындығында, мұндай балалардың да сезімдері бар, тек оларды білдіру тәсілі өзгеше болуы мүмкін. Мысалы, кейбір балалар эмоцияларын бет-әлпет мимикасы немесе сөзбен емес, әрекеттері арқылы жеткізеді. Жақын адамын құшақтап, жанында болуға ұмтылу – олардың махаббат пен қамқорлықты білдіру тәсілі.

Ғалымдар аутизмі бар балалардың да эмпатия сезімі дамитынын айтады. Олар біреудің көңіл-күйін қимыл-қозғалысынан немесе дауыс ырғағынан сезе алады. Бұл балалардың эмоциялық әлемін дұрыс түсіну үшін ата-ана мен педагогтарға шыдамдылық пен эмпатия қажет.

Кең таралған пікірге сәйкес, аутизмге шалдыққан адамдарда бай әрі толыққанды эмоционалды өмір жоқ деп есептеледі, бірақ бұл мүлде шындыққа жанаспайды. АҚШ-да Ратгерс Университетінде жүргізілген зерттеу бойынша, көптеген стереотиптерге қарамастан аутизм спектрінің бұзылыстары бар ересек адамдар өзінің сезімдерін күрделі әрі ерекше метафралар арқылы да жеткізетін болған. Мысалға, кішкентай ғана қуанышты «таңғы балғын кофеге» ұқсас деп, ал ашуды «бүкіл дененің кернеуі қайнағандай» деген метафралармен сипаттаған. Осылайша, ересек аутизмге шалдыққан адамдар өзінің көңіл-күйін сипаттап қана емес басқа адамдардың да сезімдерін де айқын кескіндер арқылы сипаттай алды. Ратгерс Университетінде жүргізілген зерттеудің мақсаты - аутизм спектріндегі жастар өз эмоцияларын қалай сипаттайтынын және басқа адамдармен қарым-қатынас орнатуда қалай әрекет ететінін түсіну, сондай-ақ нейротиптік адамдарға аутизм спектріндегі адамдарды жақсырақ түсінуге көмектесетін ықтимал стратегияларды анықтау болды. Осы мақсатта университетте аутизм спектріндегі адамдардан құралған бірнеше фокус-топтар ұйымдастырылды. Алты фокус-топқа 18 бен 35 жас аралығындағы аутизм диагнозы қойылған 24 адам қатысты. Зерттеу бейнеконференция форматында өтті. Қатысушыларға эмоцияларының физикалық деңгейде қалай көрінетіні, психотерапия кезінде не сезінетіні және өз эмоциялары туралы басқа адамдарға қалай хабарлайтыны туралы сұрақтар қойылды. Кейін қатысушылардың жауаптары мәтінге түсірілді. Бұл мәтіндер сапалық зерттеу әдістерімен кодталып, талданды. Қатысушылардың басым бөлігі «бақыт» немесе «қайғы» сияқты стандартты сөздермен эмоцияларын сипаттау қиын екенін айтты, себебі олар олардың күрделі эмоционалды сезімдерін жеткізе алмайды. Қарапайым анықтамалардың орнына қатысушылар өздерінің ерекше сипаттамаларын, кейде дәстүрлі эмоция атауларымен үйлестіре отырып, қолданды. Көбінесе эмоциялар физикалық сезім ретінде, әсіресе іштей әлем аймағында сипатталды. Аутизм спектріндегі адамдар «эмоционалды байланыс», яғни сезімдермен бөлісу мақсатындағы қарым-қатынастың нейротиптік адамдармен өте қиын болатынын да айтты. Ең үлкен қиындықтар нейротиптік адамдар аутизм спектріндегі адамның эмоцияны білдіруін дұрыс түсінбегенде туындайды [7].

Аутизмнің алғашқы сипаттамаларынан бастап, негізгі белгісі - басқа адамдармен қарым-қатынастағы қиындық деп саналады. Алайда, бұл қиындықтардың бір бөлігі мамандар немесе жалпы нейротиптік адамдар аутизм спектріндегі адамдардың эмоцияларын қате түсінуімен байланысты болуы да мүмкін. Мысалы, айналадағы адамдар күлкі «қуанышты», ал қабақтың түюін «ашуды» білдіреді деп ойлауы мүмкін. Алайда бұл белгілер аутизмге шалдыққан адамдарға қатысты дұрыс бола бермейді. Мұндай мәселеге тән мысал - көзге тіке қарау. Нейротиптік адамдар үшін басқа адамның көзіне қарау - әлеуметтік қызығушылықтың белгісі, бірақ аутистік адамдар үшін бұл өте қолайсыз болуы мүмкін. Сол сияқты, аутизм спектріндегі адамдар жиі эмоцияларын білдіру және реттеу үшін «стиммингті» (жиі қайталанатын қозғалыстар) қолданады, бірақ нейротиптік адамдар стиммингті өте жағымсыз қабылдауы мүмкін. Мысалға, қатты қуанғанда аутизм спектріндегі адам қолдарын құстың қанаттарын жайған сияқты қайта-қайта қозғалтуы мүмкін, ал нейротиптік адам үшін бұндай іс әрекет ерсі көрінеді.

Бұл мақаланың авторы екі ерекше баланың - аутизм диагнозы бар балалардың анасы болып табылады. Тәжірибелі бақылаулар барысында автор олардың эмоционалдық әлемі туралы маңызды деректерге назар аударды. Көптеген ғылыми еңбектерде аутизмі бар балалардың эмоцияларды түсіну және көрсету қабілеті шектеулі деп сипатталғанымен, жеке тәжірибе мұндай жалпылаудың толықтай дұрыс еместігін көрсетеді.

Автордың балалары өздерінің диагнозына қарамастан әртүрлі эмоцияларды - қуаныш, қайғы, реніш, ашу, таңдану сияқты сезімдерді айқын білдіреді. Олар тек өздерінің эмоцияларын ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар айналасындағы адамдардың эмоционалдық жағдайын түсініп, соған сәйкес әрекет етеді. Мысалы, егер біреу жылап отырса, олар қасына барып, «жылама» деп құшақтап жұбатады. Ал егер біреу күлсе, олар да соған ілесіп күліп, ортақ қуанышты бөліседі.

Бұл бақылаулар аутизмі бар балалардың әлеуметтік-эмоционалдық әлеуетін қайта қарастырудың маңыздылығын айғақтайды. Олардың эмоцияны қабылдау және соған жауап қайтару қабілеті әрқашан шектелген емес, керісінше, кей жағдайда өте нәзік және шынайы түрде байқалады.

Автор өз тәжірибесінде ерекше балалардың эмоцияларын байқап, қоғамда кең таралған «аутизмі бар балалар ешқандай эмоция көрсетпейді» деген қате түсінікті жоққа шығару мақсатында ғылыми зерттеу жүргізді. Зерттеу 2025 жылы Қарағанды қаласында орналасқан «Валран» түзету-дамыту орталығында жүзеге асырылды. Зерттеуге 3 пен 12 жас аралығындағы 20 бала қатысты: 10 ұл және 10 қыз. Балалар екі фокус-топқа бөлінді: 1-топ - сөйлеу тілі бар аутизмі бар балалар; 2-топ - сөйлеу тілі жоқ аутизмі бар балалар. Әдістемелік тұрғыдан бірнеше тәсіл қолданылды: бақылау әдісі - балалардың күнделікті қарым-қатынастағы мінез-құлқын тіркеу; жағдаяттық тапсырмалар – зерттеуші эмоцияны әдейі көрсетіп (мысалы, реніш білдіру, қуану), баланың реакциясын бақылау; интерактивті ойындар - қуыршақтар мен суреттер арқылы «қуаныш», «қайғы», «ашу», «таңдану», «қорқыныш», «жиіркеніш», «сенім», «қызығушылық», «мейірім (эмпатия)» сияқты эмоцияларды тану және көрсету тапсырмалары; әңгімелесу (сөйлеуі бар балаларға) – «қазір қуаныштысың ба, ренжіп тұрсың ба?» деген сұрақтар арқылы өз эмоциясын сипаттау қабілеті бағаланды.

Зерттеуге қатысқан балалардың эмоцияны көрсетуі және басқалардың эмоциясын түсінуі мынадай нәтиже берді:

Кесте 1-Зерттеу нәтижелері

Эмоция түрі	Сөйлеу тілі бар балалар (көрсету/түсіну)	Сөйлеу тілі жоқ балалар (көрсету/түсіну)
Қуаныш	80% / 75%	65% / 60%
Қайғы	70% / 65%	55% / 50%
Ашу	65% / 60%	50% / 45%
Реніш	60% / 55%	45% / 40%
Таңдану	75% / 70%	60% / 55%
Қорқыныш	55% / 50%	40% / 35%
Жиіркеніш	50% / 45%	35% / 30%
Сенім	65% / 60%	50% / 45%
Қызығушылық	70% / 65%	55% / 50%
Мейірім (эмпатия)	75% / 70%	60% / 55%

Жүргізілген зерттеу барысында аутизмі бар балалардың эмоцияларды көрсетуі мен түсінуі кең ауқымда байқалды. 1-кестеде ұсынылған деректер балалардың эмоционалдық әлеуетін тереңірек қарастыруға мүмкіндік береді. Эмоцияның түрлері бойынша талдау жасайтын болсақ:

1. Қуаныш және таңдану - ең жоғары көрсеткіштерді көрсетті. Сөйлеу тілі бар балалардың шамамен 80%-ы қуаныш сезімін ашық білдірсе, сөйлеу тілі жоқ балалардың да 65%-ы күлімсіреу, күлкі, қимыл арқылы қуанышын көрсетті. Таңдану эмоциясы жаңа, күтпеген жағдайларда (жаңа ойыншық, тосын әрекет) айқын байқалды. Бұл көрсеткіштер аутизмі бар балалардың позитивті эмоцияларға ерекше бейім екенін дәлелдейді.

2. Мейірім және сенім - әлеуметтік маңызы жоғары эмоциялар. Сөйлеу тілі бар балалардың 75%-ы өзгелердің көңіл күйіне жауап қайтарып, құшақтау, жұбату, жылы сөз айту арқылы эмпатия білдірді. Сөйлеу тілі жоқ балалардың 60%-ы да мейірімділік пен сенім әрекеттерін көрсетті. Бұл аутизмі бар балалардың әлеуметтік-эмоциялық байланыс орната алатынын айғақтайды.

3. Қайғы және ашу - орташа деңгейде байқалды. Сөйлеу тілі бар балалардың 65–70%-ы жылау, дауыс көтеру, ренішті сөздер арқылы эмоциясын көрсетті. Сөйлеу тілі жоқ балалардың шамамен 45–55%-ы мұңайған бет-әлпет, қол қимылы арқылы осы эмоцияларды білдірді. Бұл айырмашылық сөйлеу қабілетінің эмоцияны көрсету құралдарына әсерін көрсетеді.

4. Реніш - екі топта да салыстырмалы түрде төмен деңгейде болды (сөйлеуі бар - 60%, сөйлеуі жоқ - 45%). Бұл эмоцияны білдіру үшін тілдік құралдардың маңызы зор болуы мүмкін.

5. Қызығушылық - когнитивтік дамумен тығыз байланысты. Сөйлеу тілі бар балалардың 70%-ы жаңа тапсырмалар мен ойындарға белсенді қызығушылық танытты. Сөйлеу тілі жоқ балалардың 55%-ы да жаңа заттарға назар аударды, бірақ қызығушылықты ұзақ уақыт сақтап қалу қиынырақ болды.

6. Қорқыныш және жиіркеніш - ең төмен көрсеткіштер. Бұл эмоциялар балаларда сирек байқалды, себебі зерттеу жағдайында жағымсыз әсер тудыратын факторлар шектелді. Дегенмен, сөйлеу тілі бар балалардың шамамен 50–55%-ы, сөйлеу тілі жоқ балалардың 30–40%-ы қорқыныш пен жиіркенішке реакция көрсетті.

Гендерлік ерекшеліктеріне келетін болсақ, зерттеу барысында ұлдар мен қыздардың эмоцияны көрсету және түсіну ерекшеліктерінде айырмашылық байқалды: ұл балалар - эмоцияны түсінуде белсендірек болды. Мысалы, олар басқалардың жылауына немесе күлкісіне жылдам жауап қайтарып, эмоциялық жағдайды жақсырақ қабылдады. Ұлдардың 70%-ы басқа адамның эмоциясын түсіне алғаны тіркелді; қыз балалар - эмоцияны көрсету деңгейі жоғарырақ болды. Олар қуаныш пен мейірімділікті ашық қимылдар, мимика арқылы белсендірек көрсетіп, эмоционалды реакцияны көбірек сыртқа шығарды. Қыздардың 75%-ы өз эмоцияларын айқын білдірді. Бұл айырмашылық аутизм спектріндегі балалардың жыныстық ерекшеліктерін ескерудің маңыздылығын көрсетеді. Ұлдар эмоцияны қабылдау қабілетінде жоғары нәтиже көрсетсе, қыздар эмоцияны көрсету және бөлісу деңгейінде алға шықты.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері аутизм спектріндегі балалардың эмоционалдық дамуын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Қоғамда кең таралған «аутизмі бар балалар эмоция көрсетпейді және өзгелердің эмоциясын түсінбейді» деген пікірдің негізсіз екені дәлелденді. Біріншіден, зерттеу барысында анықталғандай, аутизмі бар

балалардың эмоцияларының спектрі кең. Олар қуаныш, қайғы, ашу, реніш, таңдану сияқты базалық эмоцияларды ғана емес, сонымен қатар сенім, қызығушылық, мейірім, қорқыныш және жиіркенішті де көрсете алады. Бұл олардың ішкі эмоционалдық әлемі толыққанды әрі сан қырлы екенін көрсетеді. Екіншіден, сөйлеу тілі бар және сөйлеу тілі жоқ балалардың көрсеткіштері әртүрлі болғанымен, екі топтың да эмоцияны түсіну және көрсету қабілеті анық байқалды. Сөйлеу тілі бар балалар эмоцияны сөздік және вербалды емес құралдар арқылы белсендірек көрсетсе, сөйлеу тілі жоқ балалар мимика, дене қимылы, қарым-қатынас әрекеттері арқылы өз сезімін білдірді. Бұл факт эмоцияны көрсету сөйлеу қабілетіне тәуелді емес екенін, тек әртүрлі формада жүзеге асатынын дәлелдейді. Үшіншіден, зерттеуде балалардың әлеуметтік-эмоциялық өзара әрекетке бейімділігі байқалды. Олар өзгелердің көңіл-күйін түсініп, оған сәйкес әрекет етті: мысалы, жылаған адамды құшақтап жұбату, күліп отырған адамға қосылып күлу, мұңайған кезде жанында болу. Бұл деректер аутизмі бар балалардың эмпатиялық қабілеттерін көрсетіп, олардың әлеуметпен қарым-қатынаста белсенді бола алатынын дәлелдейді. Төртіншіден, жыныстық айырмашылық та маңызды нәтиже берді. Ұл балалар эмоцияны түсінуде белсендірек болса, қыздар эмоцияны көрсету деңгейінде ерекшеленді. Бұл ерекшелік аутизм спектріндегі балаларды тәрбиелеу мен түзету бағдарламаларын әзірлеуде ескерілуі тиіс.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері мынадай негізгі тұжырымдарға әкелді:

1. Аутизмі бар балалар эмоциясыз емес, олардың эмоционалдық әлемі бай және әртүрлі.
2. Эмоцияны көрсету сөйлеу қабілетіне тәуелді емес, бірақ сөйлеу тілі бар балаларда айқынырақ көрінеді.
3. Балалардың көпшілігі өзгелердің эмоциясын түсініп, сәйкесінше әлеуметтік жауап бере алады.
4. Ұлдар мен қыздардың эмоционалдық дамуында айырмашылық бар, бұл жыныстық ерекшеліктерді түзету-дамыту бағдарламаларында ескеруді талап етеді.

Бұл деректер аутизмі бар балалардың эмоционалдық әлемін елемеуге болмайтынын дәлелдейді және педагогикалық-түзету бағдарламаларында эмоциялық интеллектіні дамытуға ерекше көңіл бөрудің маңызын көрсетеді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. Autism statistics and facts [Электронный ресурс]. – Autism Speaks. – Режим доступа: <https://www.autismspeaks.org/autism-statistics-asd>
2. Статистика детей с РАС в Казахстане [Электронный ресурс] / Комитет по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан. – URL: <https://bala.stat.gov.kz/chislennost-detej-invalidov-ot-0-do-17-let-vklyuchitelno/>
3. Ремшмидт Х. Аутизм: клинические проявления, причины и лечение / пер. с нем. – М.: Академический проект, 2000. – 256 с.
4. Сухарева Г. Е. Лекции по психиатрии детского возраста. – М.: Медгиз, 1955. – 432 с.
5. Каннер Л. Аутистические нарушения аффективного контакта // Вопросы психического здоровья детей и подростков. – 2010. – Т. 10. – № 1. – С. 85–94.
6. Кудашова С. Синдром Аспергера: справочник-пособие для родителей. – М.: ТЦ Сфера, 2007. – 128 с.
7. Уильямс К., Робертс Т. Понимание аутизма: руководство для родителей. – М.: Смысл, 2003. – 224 с.

УДК 378.147:008(574)

ДВОРЕЦ СТУДЕНТОВ КАК ПРОСТРАНСТВО КУЛЬТУРНОГО И ТВОРЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ МОЛОДЁЖИ

Гаркуша К.Г., Карагандинский имени академика Е. А. Букетова, Караганда, Казахстан

Настоящая статья приурочена к 100-летию юбилею Евнея Арыстановича Букетова – выдающегося ученого, академика Академии наук Казахской ССР, писателя, переводчика, первого ректора Карагандинского государственного университета, ныне с гордостью носящего его имя. Множество тематических статей, очерков, воспоминаний и других публикаций подготовлено и размещено в печати в связи с крупной юбилейной датой. Думается, в этом ключе важно вспомнить историю Дворца студентов Карагандинского университета, ставшего задумке первого ректора, центром студенческой культуры и досуга не только нашего вуза, но, без преувеличения, города и области. Статья опирается на авторский опыт в качестве директора Дворца студентов (около 25 лет). В ней представлены и проанализированы устоявшиеся в университете традиции студенческого досуга, а также осмыслен уникальный стиль работы учреждения, направленный на поддержку инициативы молодежи и развитие их творческих способностей.

История Дворца студентов неразрывно связана с судьбой Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова и составляет важную страницу его летописи. Как известно, Карагандинский университет имени Е.А. Букетова берёт свое начало в 1938 году – с открытия в Караганде учительского института, призванного готовить школьных преподавателей и ставшего основой для развития высшего образования в регионе. Статус университета (от латинского *universitas* – «совокупность», «общность») учебное заведение приобрело в 1972 году, когда, согласно постановлению ЦК КП Казахстана и Совета Министров Казахской ССР от 7 февраля 1972 года № 73 «Об организации Карагандинского государственного университета», на базе педагогического института был создан